



**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорының
өзін-өзі аттестаттау қорытындысы**

Қандыағаш -2023

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының
өзін-өзі аттестаттау жұмыстарының мақсаты мен міндеттері

Мақсаты:

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын тәрбиеленушілерге насихаттау және іске асыру. Оқу бағдарламаларын жүзеге асыруда инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану.

Міндеттері:

Балалардың денсаулығын сақтау және нығайтуды қамтамасыз ететін заттық – кеңістік дамытушы орта құру

Мектепке дейінгі мекемемен отбасының бірлескен ынтымақтыстығын нығайту. Тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру.

Балаларды «Мәңгілік Ел» идеясына негізделген құндылықтарға, ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке, туған өлкесінің табиғатын сүйуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу.

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»

мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының жұмысының тиымдылығына баға беру және оған сараптама жасау.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын.

Мекен-жайы: 030701 Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы, «Жастық» мөлтек ауданы, құрылыс 52 .

телефон, факс: 8-71333-3-14-47; электронный почта kunshuak_sad@mail.ru;

инстаграмм @mkkkkunshuak; электрондық сайт: kunshuaksad.edu.kz

Балаларды қабылдау сайты: eaktobe.kz

Балабақша меңгерушісі - Курманова Жадра Аскаровна

тел: 87758472810

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны алғаш рет 1986 жылы құрылып, 14.01.2010 жылы қайтадан заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуінен өткізіліп, 05.06.2012 жылы меншік иесінің қайта өзгеруіне байланысты «Мұғалжар ауданының білім бөлімі, Дене шынықтыру және спорт» коммуналдық қазыналық кәсіпорыны, 15.08.2017 жылы «Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, 20.02.2018 жылы «Мұғалжар ауданының Қандыағаш қаласы әкімінің аппараты» коммуналдық қазыналық кәсіпорыны болып қайта құрылып, 2020 жылы 23 желтоқсандағы Ақтөбе облысы әкімдігінің №469 қаулысы негізінде «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын болып қайта құрылған.

Заңды тұлғаларды қайта тіркеу куәлігі № 002205815887

БИН 100240006412 берілген уақыты .29.05.2012 жыл.

Статистикалық картасы 08.02.2010 жылы коды 50889102

Мектепке дейінгі мекеменің меншік иесі құқығына иелік ететін құжаты бар.

Тұрақты жер пайдалану актісі бар, жер учаскесінің кадастрлық номері:

02:038:002:2428 Жер учаскесінің алаңы: 1,0313га

(Құрылтайшылық құжаттар 2,3,4,5 қосымшада жалғанған)

Ақтөбе облысының денсаулық сақтау департаментін сериясы №10580DD

мемлекеттік лицензиясы және мемлекеттік лицензиялау қосымшасы медициналық көмек 25.05.2018 жылы берілген.

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның типтік үлгідегі екі қабатты типтік ғимараты 1986 жылдан бастап жұмыс жасап келеді. Бөбекжай-бақшасы 320 орынға арналған 14 топ жұмыс жасайды. Оның ішінде 2-ерте жас тобы, 3-кіші топ, 3-ортаңғы топ, 4-ересек тобы және 2 мектеп алды даярлық тобы. Тізім бойынша 308 бала тіркеліп тұр. Осы аталған топтар үшін 36 педагог және кіші 38 қызметкер, жалпы саны 74 адам қызмет етеді.

Мектепке дейінгі мекеме ғимараты орталықтандырылған жылуымен жабдықталып, жылу жүйесіне қосылған, салқын және ыссы сумен (су жылытқыш) қамтамасыз етілген. Санитарлық -эпидемиологиялық, өрт қауіпсіздігі қызметтерінің қорытындысы мен тексерілген актілері бар. Мектепке дейінгі мекеменің ішкі және сыртқы келбеті СанЕмН талаптарына сай. Стандарт жүйесіне байланысты еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жұмыстар жүргізілген.

Әр тоқсан сайын қызметкерлермен еңбек қауіпсіздігі , өрт қауіпсіздігі нұсқаулықтарын сақтау туралы кеңес өткізіліп, тәрбиеші және тәрбиеші көмекшілеріне балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау нұсқаулықтары өткізіліп, журналдарға қол қойылып отырады. Балалар мен балабақша қызметкерлерінің жарақаттануы тіркелмеген.

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның құрылтайшысы «Мұғалжар аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

Оқыту және тәрбиелеу – мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы» МКҚК-да жылдық жоспар оқу жылының басында талданып педагогикалық кеңесте бекітілген. Педагогикалық кеңестің хаттамалары өткен педагогикалық кеңестегі қаралған мәселелердің шешілгендігін талдау арқылы басталып отырған, сауатты, жан-жақты, нақты жазылған. Педагогикалық ұжымның іс-әрекеті нормативтік құжаттармен реттеледі. «Күншуақ» бөбекжай – бақшасы» МКҚК педагогикалық ұжымы оқыту-тәрбиелеу процесін:

-ҚР «Білім туралы» Заңына;

-Жарғысына;

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

-Үлгілік оқу бағдарламасы;

- Үлгілік оқу жоспары;

-Әдістемелік нұсқаулық хат;

-Тәрбиелеу – білім беру жұмыс жоспарына;

-Ішкі тәртіп ережелеріне;

-ҚР оқу - ағарту министрлігінің, облыстық білім басқармасының және аудандық білім бөлімінің бұйрық, нұсқау, қаулыларына сәйкес ұйымдастырады.

Сонымен қатар, «Күншуақ» бөбекжай –бақшасының 2020 – 2025 оқу жылына арналған даму жоспары құрылған.

Бөбекжай-бақшасына балаларды қабылдау мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес, мектепке дейінгі мекемелерде құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау мемлекеттік көрсетілетін стандарт талаптарына сәйкес жүргізіледі. Ата-аналарға арналған кеңес беру бұрышы ұйымдастырылып, жауапты маман бекітілген. Ата-аналармен келісім-шарттар жасалған. Балалар қозғалысы журналы, жолдамаларды тіркеу журналы талапқа сай. Құжаттар іс-қағаздар номенклатурасына сәйкес жүргізіледі.

Мектепке дейінгі мекеменің әр жылға арналған оқу жұмыс жоспары аудандық білім бөлімі басшысымен келісіліп, меңгерушімен бекітілген . Жылдық жұмыс жоспарларында өткен оқу жылдарына қорытынды жасалып, атқарылған жұмыстар талданған, алдағы оқу жылының мақсат-міндеттері көрсетілген. Әр топтың жылдық перспективалық жоспары дамыту бағыттарын ескере отырып құрылған.

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу мен оқыту Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жүргізіледі.

2022 - 2023 оқу жылының ұйымдастырылған іс - әрекеттерінің жоспары

Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын, Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми – әдістемелік кеңесінің әдістемелік нұсқаулық хаты негізге алып құрастырылды.

Оқу жылының ұйымдастырылған іс – әрекетінің кестесі балабақша меңгерушісімен бекітілген, ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған.

2022-2023 оқу жылына арналған жылдық міндеттеріне:

1. «Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық тілдік дамуын ойындар арқылы қалыптастыру»
2. «МДҰ-ның тәрбиелеу- білім беру процесіне жобалау технологиясын енгізу арқылы мектепке дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттерін дамыту» тақырыптары балабақша қажеттілігіне байланысты алынды.

Балабақша педагогтары балалардың ойлау қабілетін, белсенділігін арттырып, рухани-адамгершілік қасиеттері мен патриоттық сезімдерін дамыта отырып әр жастағы балалардың даму деңгейіне сәйкес және өздерінің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған іс- әрекеттерден тыс вариативтік компонентіне бағдарлама құрастырды.

Вариативтік компонент жобалау технологиясын енгізу арқылы жүзеге асырылуда:

Ортаңғы топтарында: «Болашақ қаласы», «Маленькие волшебники», «Құм терапиясы» баланың танымдық тақырыптарында, Ересек топтарында : «Құстар әлемі», «Асығың алшысынан түссін», «Хочу все знать», «Шахмат әлемі» тақырыптарында, Мектепалды даярлық топтарында: «Кітап білім бұлағы», «Бізді қоршаған әлем» тақырыптарында алынды. Вариативтік бағдарламалар білім беру процесінің сапасын қамтамасыз етеді, баланың толыққанды дамуына әр жастағы балалардың даму деңгейіне сәйкес келесі жасқа өтуінде сабақтастықты сақтай отырып әлеуметтік тұлғалық дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасайды, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытады. Барлық топтар танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтармен жабдықталған.

№10 «Радуга» тобының тәрбиешілері 2018-2020 оқу жылдарында «Применение технологии ТРИЗ в процессе развития системного мышления и творческих способностей дошкольников» тақырыбында эксперимент алаңымен нәтижелі жұмыстар жүргізіліп, қорғалды. Бүгінгі таңда осы бағыттағы жұмыстар жалғасын тауып вариативтік бағдарламалармен жүргізілуде.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының міндеттерін іске асыру мақсатында жаңа заман талабына сай баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, адамгершілік сынды қасиеттерді саналарына сіңіріп, жаһандану заманында өз елін қорғайтын, үлкенді сыйлайтын «Мәңгілік Ел» ұрпағын тәрбиелеп, балаға жүйелі білім бере отырып, дені сау, білімді, өнерлі ұрпақ тәрбиелеуге үлес қосуды балабақшаның басты мақсатымыз деп түсінген педагогтар осы вариативтік бөлімдерді құрастырып жұмыс жасауда.

Мектепке дейінгі мекеменің педагогикалық кеңес уақытылы өткізіліп, хаттамалары жазылып, тігілген, мөрленіп, меңгеруші бекіткен.

Мектепке дейінгі мекемеде педагогикалық кеңестерде тәрбиелік жұмыстарды, олардың нәтижелілігін, мазмұнын, формаларын және әдістерін дөңгелек үстел, пікір талас, іскерлік ойын, бағдарламалар презентация, шебер кластар түрінде қарастырылған.

Қызметкерлермен лауазымдық міндеттері және еңбек қауіпсіздігі нұсқаулықтары бар және балалардың, қызметкерлердің жарақаттану жағдайын тіркеу журналы жүргізілген.

Ата – аналармен жүргізілетін жұмыстарының жоспары құрылып, уақытылы өткізілген.

Тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуына, сонымен қатар білім беру мекемелерінің шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыратын қамқоршылық кеңес мүшелері сайланып,

Мектепке дейінгі мекемедегі әдістемелік жұмыс басқарма жұмысы ретінде педагогикалық ұжымның жұмысын, білім беру бағдарламаларының міндеттерін шешуге бағыттайды.

Оқу-тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Ұжыммен шешілетін жылдық жоспар өзекті болып табылады, графикалық түрде ұсынылады.

Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар - практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтар өз жұмыстарында жаңашыл әдістемелерді, формаларды қолданады.

Мектепке дейінгі мекеменің басқа мекемелермен өзара байланысы және қатынасы балаларды тәрбиелеу, күту бойынша басқару мына кестеде көрсетілген

Мектеп мұғалімдері (алгоритмді сақтай отырып) балабақшаға шақырылып, мектепалды даярлық тобының балаларына мектеп туралы мәліметтер беріп

мектеп оқулықтарын, суретті кітаптар, балаларға арналған журналдар әкеліп таныстырды.

Мектеппен балабақша арасындағы байланыс формаларының сабақтастығын нығайта отырып, өзара байланысты бірлескен білім беру ұйымының нәтижелі жұмыстары жүргізілді.



Аудандық кітапханаға, өртке қарсы қызмет мекемесіне саяхат



Балабақшадағы іс - әрекеттер, ойын - сауық ертеңгіліктер жоспар бойынша әр оқу жылында өз деңгейінде өткізілген.

Балабақшада салауатты өмір салтын қалыптастыруға арналған жұмыс түрлері жақсы, жүйелі жолға қойылған. Дене шынықтыру нұсқаушысы Г.Д.Оразалы осы бағыттағы жұмыстарды жоспарлы түрде сауықтыру – шынықтыру әрекеттерін қолдана отырып спорттық сайыстар: «Тәні саудың жаны сау», «Спорт сүйгіш жанұя», «Барлық бала білсін, оттан аулақ жүрсін», «Балалар денсаулығы, ұлт денсаулығы», «Алақай, қыс келді!», «Менің әкем мықты», «Көңілді балдырғандар жарысы» атты, жас мамандармен «Жас өрт сөндірушілер» тақырыбында эстафеталық жарыстар өткізілді.



Музыка жетекшілері И.В.Григуль және Р.Ж.Қорғанбаева тәрбиешілермен бірлесіп көрсеткен ертеңгіліктері, іс-шаралары өте қызықты, сапалы өтіп, әр ата-ананың көңілінен шыға білді. Карантиндік шараларға байланысты ата-аналармен онлайн форматта түрлі іс-шаралар, байқаулар өткізілді. Балалардың ән айту қабілеттерін дамыту үшін дауысты дыбыстарды және тыныс алу жаттығуларын қолданып, музыкалық жанрды ажыратуын жақсы меңгергертіп, музыкалық-кимылды ойындарға қызыға араластыру арқылы шығармашылықтарын арттырды.



Мектепке дейінгі мекемеде «Мәңгілік Ел» идеясын насихаттауда өскелең ұрпақ тәрбиесіне аса мән берілген. Осы тұғырлы идеяны қалыптастыру үшін ең алдымен ұлағатты тәрбие мен сапалы білімнің қажеттілігі анық көрсетіледі. Мектепке дейінгі білім беруде жас ұрпақтың бойына сіңіретін тәрбие ұлттық құндылықтарға негізделі жүргізілді. Балабақшамыздың орта, ересек, мектепалды даярлық топтарында ұдайы мәңгілік ел рухани жаңғыру идеясы негізінде ұлттық құндылықтарды насихаттау жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіліп отырады.



Әр дүйсенбі күндері гимнді орындап, Тәуелсіздік, достық, отан қорғаушылар мерекелері де гимнмен басталып рәміздер туралы мәліметтер еске салынып отырады. Жыл бойы осы бағыттағы жұмыстар жүргізіліп іс шаралар жалғасын табуда. «Тәуелсіздік ел тірегі», «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік», «Күн дидарлы Қазақстан» «Елбасы елдің тірегі-жас ұрпақ оның жүрегі» тақырыптарында мерекелік шаралар өткізіліп, «БІнтымағы жарасқан туған өлкем», «Менің сүйікті қалам» «Гүлдене бер, туған өлкем!» тақырыптарында сурет байқаулар ұйымдастырылды. Балаларға патриоттық тәрбие беру, Отанды сүйуге, ұлтжандылыққа, ерлікке баулу. Ел қамын жеген ерлерді үлгі тұту, өнеге алуға және халқының тарихын білуге үйрету, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу мақсатында Республика күні, Қазақстанның Тәуелсіздік мерекесі, достық пен ынтымақ мерекесіне «Ән шырқайық бәріміз!», «Қазақстан бірлік пен татулықтың мекені», «Сарбазбын мен айбынды» Отан қорғаушылар күні «Ұрпақтар ұмытпайтын ұлы жеңіс» тақырыптарында іс - шаралар жоспарланып өткізілді.

Балабақшада тәрбиеленушілермен «Балалар әдебиеті» жылы аясында кітапхана бұрышы ұйымдастырылып, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында «Балабақша жағдайындағы экологиялық тәрбие негіздері» тақырыбында табиғат бұрышы жабдықталды.

Қазақ халқының ұлттық ойындарын насихаттау мақсатында «Асық терапиясы арқылы балаларды этнопедагогикалық бағытта тәрбиелеу және дамыту» тақырыбында кабинет жасақталып, қазақ тілі мұғалімі Ж.С. Орынбасарова жұмыстарын жүргізуде.



Мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруге атсалысуға шақыру, тіл тазалығын сақтау, мәдениетті сөйлеу, тілдің бала өміріндегі құдыретін таныта отырып, ұлттық рухты бойға сіңіру мен қызығушылыққа тәрбиелеу мақсатында балалармен және педагогтермен орындалатын жұмыс жоспары құрылып, іс –шаралар өткізілуде.

Атап айтсақ, «Тіл тірегіміз – соғып тұрған жүрегіміз!» тіл апталығы, «Ана тілің арың бұл» атты жас мамандарға арналған мәнерлеп оқу байқауы, «Ұрпақ ұлттық ойынмен шындалады», «Тіл болашағы балабақшадан» т.б. іс – шаралар.

2022 – 2023 оқу жылы бойынша жетістер:

Тәрбиеленушілердің конкурстарға қатысу нәтижелері

Баланың аты жөні	Марапат түрі
Толыбай Сержан	Қарттарым асыл қазынам II орын
Ерлан Әлинұр	Қарттарым асыл қазынам II орын
Амангелдіқызы Айзере	Қарттарым асыл қазынам I орын
Бахытжан Раяна	Қарттарым асыл қазынам Алғыс хат
Нұрсұлтанқызы Айзере	Қарттарым асыл қазынам III орын
Тоқсанбай Зере	Қарттарым асыл қазынам Алғыс хат
Серік Ахмад	Қарттарым асыл қазынам Бас жүлде
Жаңбырбай Мансур	Қарттарым асыл қазынам Алғыс хат
Жаңбырбай Мадина	Қарттарым асыл қазынам Алғыс хат
Жұмабай Азат	Қарттарым асыл қазынам III орын
Жұбаныш Жансая	Қарттарым асыл қазынам Алғыс хат
Буханова Ханшайым	Қарттарым асыл қазынам III орын
Қуандық Әмина	Ханшайым Бас жүлде
Көшер Нұрәли	Ханзада Алғыс хат
Марат Айханым	Ханшайым Бас жүлде
Бүркітбай Айша	Ханшайым I орын

Тәрбиешілердің жетістіктері

№	Тәрбиеші аты - жөні	Байқау
1	«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»	«Үздік мектепке дейінгі ұйым»-2022 ж II орын
2	Айгөлек тобы	«Спорттық би» II орын
3	«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»	Талант студия I орын
4	Оразова Малика Нуртаевна	Тамыз конференция мақала
5	Таухабаева Индира Максотовна	Тамыз конференциямақала
6	Орынбасарова Жайнагул Сакенаевна	Тамыз конференциямақала
7	Кудабаева Гульзат Климовна	Аудандық тамыз секциясы Алғыс хат
8	Кисекбаева Гульнара Жайлкановна	Республикалық журнал мақала
9	Сарсенова Гульмара Сайлаубаевна	«Үздік әдіскер» Бас жүлде
10	Сарсенова Гульмара Сайлаубаевна	«Жаңашыл әдіскер»
11	Сарсенова Гульмара Сайлаубаевна	«Құрмет грамота аудан
12	Сарсенова Гульмара Сайлаубаевна	Педагогикалық олимпиада III орын
13	Нурғалиева Асия Куралбаевна	Педагогикалық олимпиада III орын
14	Оразова Малика Нуртаевна	Педагогикалық олимпиада Алғыс хат
15	Кудабаева Гульзат Климовна	Педагогикалық олимпиада Алғыс хат
16	Жариева Жаина Абылаевна	Педагогикалық олимпиада Сертификат
17	Жариева Жаина Абылаевна	Обылыстық семинар Куәлік
18	Кудабаева Гульзат Климовна	Обылыстық семинар Куәлік
19	Оразова Малика Нуртаевна	Обылыстық семинар Куәлік

20	Таухабаева Индира Максотовна	Обылыстық семинар Куәлік
21	Нурғалиева Асия Куралбаевна	Обылыстық семинар Куәлік
22	Нугманова Кунсауле Климовна	Обылыстық семинар Куәлік
23	Боранбаева Назгуль Жумаевна	Обылыстық семинар Куәлік
24	Карашаева Гаухар Избаганбетовна	Обылыстық семинар Куәлік
25	Абилгазина Айгуль Мугадаровна	Обылыстық семинар Куәлік
26	Иманғалиева Насихат Баккалиевна	Обылыстық семинар Куәлік
27	Абиева Гульмира Айзақовна	Обылыстық семинар Куәлік
28	Имангазина Светлана Алпамысовна	Обылыстық семинар Куәлік
29	Аябергенова Айбарша Токсанбаевна	Обылыстық семинар Куәлік
30	Байдаулетова Нуржамал Ахметжановна	Обылыстық семинар Куәлік
31	Сарсенова Гульмара Сайлаубаевна	Семинар сертификат
32	Нугманова Кунсауле Климовна	Аудандық алғыс хат
33	Боранбаева Назгуль Жумаевна	Аудандық алғыс хат
34	Карашаева Гаухар Избаганбетовна	Аудандық алғыс хат
35	Таухабаева Индира Максотовна	Аудандық алғыс хат
36	Кудабаева Гульзат Климовна	Аудандық алғыс хат
37	Аябергенова Айбарша Токсанбаевна	Аудандық алғыс хат
38	Искакова Райла Жанабергеновна	Аудандық алғыс хат
39	Оразалы Гүлпан Дүйсенғалиқызы	Аудандық алғыс хат
40	Жариева Жаина Абылаевна	Ақтөбе Өрлеу Алғыс хат

Қорытынды және ұсыныстар:

1. Мектепке дейінгі мекемеде кадрлармен, балалармен жүргізілетін жұмыс жүйелі жолға қойылған.
2. Кадрлардың іс-қағаздары, құжаттары талапқа сай жүргізілген.
3. Оқу үрдісінде жаңа педагогикалық технолгияларды, әдіс-тәсілдерді енгізу.

«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы» МКҚК-да барлығы 36 педагог жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі педагог-қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі мекеменің үлгі штаттық кестесіне сәйкес жасалған және аудандық білім бөлімі тарапынан бекітілген. Мектепке дейінгі мекемеде кадрлар толық мамандандырылған.

**«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы» МКҚК –ның
педагог қызметкерлері туралы мәлімет**

№	Тегі. аты, әкесінің аты	Туған жылы	Білімі	Пед. өтілі		Санаты
				Жалпы	Қызметі бойынша	
1	Курманова Жадра Асқаровна	20.12.1979	Жоғары	13	3	I санат 07.08.2018 Бұйрық №1-318
2	Сарсенова Гульмара Сайлаубаевна	23.12.1984	Жоғары	11	2	-
3	Жариева Жаина Абылаиевна	26.10.1983	Жоғары	16	15	I санат 29.05.201 №1-557
4	Қазтөре Жанбота Нұрланбекқызы	25.06.1995	Жоғары	1,5	-	-
5	Жакеева Зинегүл Мутаевна	20.05.1971	Арнаулы орта	10	9	II санат 22.05.2018 №11
6	Имангалиева Насихат Баккалиевна	30.01.1973	Жоғары	16	9	II санат 29.05.201 №11
7	Оразова Малика Нуртаевна	04.12.1987	Жоғары	5,8	5,8	-
8	Кетебаева Гулден Саматовна	17.09.1986	Жоғары	2,5	-	-
9	Искакова Райла Жанабергеневна	15.03.1975	Жоғары	26	2	-
10	Молдашева Нурзада Башенбаевна	29.12.1962	Жоғары	35	14	Педагог – сарапшы GT3D1C 12.08.2021
11	Кисекбаева Гулнара Жайлкановна	27.05.1969	Жоғары	16	15	-

12	Байдаулетова Нуржамал Ахметжановна	01.03.1968	Жоғары	25	5	-
13	Абиева Гулмира Айзаковна	13.04.1986	Арнаулы орта	5	5	Педагог – модератор MF8DQY 31.12.2020
14	Примбетова Роза Кожағалиевна	09.06.1979	Жоғары	10	6	II санат 22.05.201 №11
15	Айтжанова Светлана Улубаевна	10.06.1969	Арнаулы орта	20	2	Педагог – сарапшы Q3Z2SK 23.12.2021
16	Шарипова Жанар Махмутқызы	13.10.1974	Жоғары	8	8	II санат 22.05.201 №11
17	Сүлейменова Зиягүл Жөкенқызы	26.09.1977	Арнаулы орта	10	9	
18	Имангазина Светлана Алпамысовна	26.02.1979	Жоғары	16	15	Педагог - зерттеуші W7JGUU 13.08.2021
19	Тамбаева Гульнара Булатовна	21.11.1985	Жоғары	7	7	Педагог - сарапшы 42SN77 23.12.2021
20	Боранбаева Назгуль Жумаевна	03.09.1975	Жоғары	16	16	Педагог – зерттеуші Z79G9D 24.12.2021
21	Кудабаева Гульзат Климовна	06.07.1986	Жоғары	9	9	
22	Карашаева Гаухар Избағамбетовна	14.08.1973	Жоғары	14	5	Педагог – модератор AYT7A2 18.06.2021
23	Нугманова Кунсауле Климовна	22.03.1965	Арнаулы орта	37	36	Педагог – зерттеуші 24G759 24.12.2021
24	Егизбаева Шамшырақ Ермухамбетовна	29.07.1985	Арнаулы орта	7	6	II санат 02.09.2020 №92-1


25	Нургалиева Асия Куралбаевна	22.09.1985	Арнаулы орта	3	2	-
26	Абдыкова Акгуль Темирбаевна	18.01.1979	Арнаулы орта	10	9	Педагог – сарапшы WD83FS 25.12.2020
27	Мажарова Галина Ивановна	10.08.1970	Арнаулы орта	6	3	-
28	Абилгазина Айгуль Мугадаровна	14.06.1975	Жоғары	20	19	-
29	Қазыбаева Жанар Берікқызы	01.09.1988	Арнаулы орта	7	3	-
30	Сарсенова Кулянда Шаймерденовна	19.12.1967	Жоғары	32	28	Педагог – сарапшы 7VK0OLC 23.12.2021
31	Таухабаева Индира Максотовна	25.05.1989	Жоғары	12	7	
32	Аябергенова Айбарша Токсанбаевна	11.12.1976	Арнаулы орта	6	4	Педагог - модератор 74DSCE 18.06.2021
33	Орынбасарова Жайнагуль Сакенайевна	05.08.1987	Жоғары	7	4	-
34	Григуль Ирина Владимировна	13.03.1962	Арнаулы орта	30	30	II санат 02.09.2020 №92-1
35	Қорғанбаева Рахат Жанғазықызы	18.0.1996	Арнаулы орта	-	-	-
36	Оразалы Гүлпан Дүйсенғалиқызы	26.07.1996	Жоғары	5	5	-

Педагогтардың білімі туралы мәлімет

Оқу	Барлық	Мектепке	Жоғары	Мектепке	Арнаулы	Педаго
-----	--------	----------	--------	----------	---------	--------

жылдары	педагог тар	дейінгі жоғары білім	пед.білім	дейінгі арнаулы орта білім	орта білім	ғикалы қ білімі жоқ
2020-2021	37	15 (40,5)	20 (54,1%)	15 (40,5%)	17 (45,9%)	
2021-2022	37	15 (40,5)	18 (48,6%)	16 (43,2)	19 (51,4%)	
2022-2023	36	19 (52,7)	23 (63,8%)	12 (33,3%)	13 (36,1%)	

Педагогтардың ішінде мектепке дейінгі білімі бар (жоғары, арнаулы орта) педагогтар саны-31 (86%).



Біліктілік санаты бойынша кадрларға мінездеме

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Жоғары	Бірінші	Екінші	Санаты жоқ	Зерттеуші	Сарапшы	Модератор
2020-2021	37	-	7(17%)	16(43%)	14(37%)	-	-	
2021-2022	37	-	2(5,4%)	10(27%)	15(40,5%)	3(8,1%)	5(13,5%)	2(5,4%)
2022-2023	36	-	2(5,4%)	6(16,6%)	17(47,2%)	3(8,1%)	5(13,5%)	3(8,1%)


Санаты бар тәрбиешілердің саны- 19 (53%)

Өткен жылдармен салыстырғандағы біліктілік санаттарының көрсеткіші:

2020-2021 оқу жылы – педагог 23 (62 %)

2021-2022 оқу жылы – педагог 22 (59%)

Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі педагогтардың біліктілік санатын көтеруге көп көңіл бөледі.



Курстан өткен педагогтар көрсеткіші

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Обл.Білім жетілдіру институты	Республикалық білім жетілдіру орталығы	Көрсеткіштері
2020-2021	37	12	7	51,3%
2021-2022	37	12	7	51,3%
2022 - 2023	36	20	7	75%

Өткен оқу жылында облыстық ,республикалық біліктілікті арттыру институтында қайта даярлау және біліктілікті арттырудың курстарынан 19(51,3%) педагог білім жетілдірді.


Педагогтар өздерінің кәсіби шеберліктерін өз бетімен білім алу арқылы арттырады –бұл әдістемелік бірлестіктерге қатысу, өзара байланыс жасау, жаңашыл әдістемелік әдебиеттерді оқу, қалалық және облыстық семинарларға қатысып өз іс-тәжірибесімен бөлісу және қалалық және облыстық әдістемелік орталықтың қолдауымен әдістемелік жинақтырын баспадан шығару, қалалық, облыстық, республикалық баспаларға өз мақалаларын кеңестерін және ҰІӨ-ін жариялау.

Еңбек өтілі бойынша кадрларға мінездеме

Оқу жылдары	Педагогтар саны	1-5 жылға дейін	5-10 жылға дейін	10-20 жылға дейін	20 жылдан жоғары
2020-2021	37	6	15	9	7
2021-2022	37	7	15	10	5
2022-2023	36	4	11	13	8

Жас ерекшелігі бойынша кадрларға мінездеме

Оқу жылдары	Педагогтар саны	20-30жас	30-40 жас	40-50жас	50-60жас	60 жастан жоғары
2020-2021	37	2	10	17	8	-
2021-2022	37	3	13	11	9	1
2022-2023	36	3	12	12	7	2



Кадрларды орналастырғанда білімі, педагогикалық жұмыс тәжірибесі, психологоиялық сәйкестік есепке алынады.

Педагогикалық кадрлар туралы мәселе әкімшілікпен педагогикалық кеңестерде, кәсіподақ, өндірістік жиналыстарында талқыланады.

2022 жылдың қыркүйек айынан бастап мектепке дейінгі ұйымда орыс тілі сағаты қысқаруына байланысты, педагог Байдаулетова Нуржамал Ахметжановнаның әлеуметтік жағдайын ескере отырып, уақытша тәрбиеші қызметіне қалдырылды. Н.А.Байдаулетова білімі – жоғары, жалпы еңбек өтілі 25жыл, балабақшадағы қызметі 5,5 жыл, қазіргі таңда Ж.Ташенов атындағы университетінің «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту» мамандығы бойынша II курс студенті.

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасында іс-жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі. Мектепке дейінгі мекемеде кадрлардың жеке іс-қағаздары талапқа сай жүргізілген. Жеке іс қағаздарда кадрларды жұмысқа алу өтініштері, өмірбаяны, жұмысқа қабылданғандары туралы, жеке куәлігінің көшірмесі, еңбек кітапшалары, біліктілік арттыру курстарынан өткен сертификаттары және біліктілік санаты туралы бұйрықтарының көшірмелері барлығы түгел. Негізгі қызмет жөніндегі, жеке құрам бойынша бұйрықтар кітаптарының жүргізілуі талапқа сай. Мектепке дейінгі мекеме кадрларының еңбегін бағалау жұмыстары жақсы атқарылған. Педагог қызметкерлер мектепке дейінгі мекеме ішілік марапаттаулар мен қатар аудандық, облыстық, марапаттарға ие.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің ережелері» негізінде оқу жылының барысында жоспарға сәйкес 5 рет педагогикалық кеңес ұйымдастырылған. Педагогикалық кеңес отырыстарына хаттама толтырылған. Педагог кадрлар жұмыстарының сұрақтары әкімшілік педагогикалық кеңестерде, кәсіподақ және өндірістік отырыстарда қарастырылады. Педагогикалық процестің ең маңызды көрсеткіштерінің бірі – жұмыс нәтижесін сараптау болып саналса, мектепке дейінгі мекемеде әр жылға оқу- тәрбие жұмысының қорытындысы бойынша педагогтардың мониторингі жасалған. Педагог жұмысын бағалау мақсатында «Үздіктер шеруі» тақырыбында марапаттау рәсімі ұйымдастырылып тұрады.

Мектепке дейінгі мекеме әкімшілігі мектепке дейінгі білім берудің мазмұнын жаңарту, педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру жұмыстарын жүйелі және жоспарлы түрде жүргізеді.

Ұсыныстар:

1. Жаңаша форматта педагогтар біліктілік санатын көтерсін.
2. Жаңартылған білім беру курстарында педагогтар біліктілігін көтерсін.

Қорытынды

1. Мектепке дейінгі ұйымының оқу-тәрбие жұмысы «жеткілікті» деңгейде.
2. Мектепке дейінгі мекемеде кадрлармен жүргізілетін жұмыс жүйелі жолға қойылған.
3. Кадрлардың іс-қағаздары, құжаттары талапқа сай жүргізілген.
4. Педагогикалық құрамының сапасы жоғары деңгейде.

Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау

Топтағы заттық-дамыту орталықтар жас ерекшеліктеріне сай құрылған, бөбекжай-бақшадағы топтардың барлығы балалардың жас ерекшелігіне сай жабдықталып, безендірілген, қажетті көрнекілік құралдармен қамтамасыз етілген. Балалардың денсаулығын және өмірін сақтаудағы қауіпсіздік ережелері қатаң сақталған. Қабылдау бөлмесінде ата - аналарға арналған ақпарат бұрыштары, жылжымалы папкалары бар. Онда ата-аналарға арналған педагогикалық және дәрігерлік кеңестер мен хабарландырулар, балалардың жеткен жетістіктері туралы ақпараттар берілген. Топтарда «Шаштараз», «Дәріхана», «Дүкенші», «Отбасы» ойындары, «Кітапхана», «Қазақы үй», «Табиғат», «Біз кезекшіміз» бұрыштары сюжеттік-рөлдік ойындардың құрал жабдықтары жинақталған, аквариумдағы балықтар, бөлме өсімдіктері өсіріледі. Топта балалардың ой-өрісін, тілдерін дамыту мақсатында лото, мозайка, үстел үсті және әр-түрлі құрастырмалы ойыншықтар жинағы бар. Театрлық іс-әрекеттерін және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында драматизациялауға арналған қуыршақтар, үстел үсті театрлар, көлеңкелі, қолғап, алжапқыш театрларының атрибуттары жинақталған. Топ тәрбиешілерінің көрнекіліктері эстетикалық талғамға сай жасалған.

Топ құжаттары талапқа сай жинақталған. Ата-аналармен жұмыс, мектеппен сабақтастық жоспарлары құрылып, өткізілген кеңестер, дөңгелек үстел, баяндамалар, ертеңгіліктер, сауалнамалар папкаға жинақталып хаттамалары толтырылған.

Тәрбиеленушілерді құқықтық тәрбиелеу, білім беру ұйымында тәрбие жұмысын құқықтық әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету барысында педагогикалық кеңесте мәселе етіп қойылып, талқыланған «Ата-аналармен құқықтық тәрбие бойынша жұмысты ұйымдастыру» тақырыбына слайдтар, «Менің әкем - ең жақсы адам» атты жылжымалы папкалар дайындалған. Мектепке дейінгі мекемеде кеңістік - пәндік ортаны дайындау барысында «Бала құқығы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттер», «Террористік қауіптің деңгейлері», «Медиация бұрышы», «Бала мен балабақша», «Ата-аналар, сіздер үшін», «Денсаулық бұрышы», «Кәсіподақ бұрышы», «Біздің мақтанышымыз», «Қауіпсіздік бұрышы», «Жол ережелері» атты мемлекеттік белгілер мен тақырыптық стендтер орнатылған.



Ерекше балаларға кешенді психологиялық және әлеуметтік көмек көрсету, сенсорлық және ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында этнопедагогика және психолог бөлмесі жабдықталған. Психологиялық – медициналық – педагогикалық комиссиясының қорытындысы бойынша 9 бала тәрбиеленуде. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеуде баланың ерекшеліктері ескеріліп, оқу жоспары мен бағдарлама әзірленген. Ерекше білімді қажет ететін балалармен «Ерекше балаға – ерекше қамқорлық» апталығы, «Гиперактивті балалармен сергіту жұмыстары», «Міне біздер қандаймыз», құм, ертегі, музыка, арттерапиялары, тәрбиеленушілерді мейірімділік пен адамгершілікке, сүйіспеншілікке тәрбиелеу мақсатында «Жақсылық жасап жарысайық» атты акциясы т.б. жұмыстар ұйымдастырылды.



Баланың танымдық, сөйлеу, шығармашылық және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру үшін қолданылатын дидактикалық оқу құралдары мен үлестірмелі материалдар жеткілікті және эстетикалық талғамға сай.

Аудиотека, видеотека бойынша қазақ және орыс тілдерінде ертегілер, жаңылтпаштар, санамақтар, сергіту сәті дискілердің данасы жинақталған.

Балаларға арналған дамытушы сенсорикалық орталықта балалардың қоршаған ортаны бағдарлау аясын кеңейтуге, сезімдік тәжірибесін қалыптастыра отырып түйсігі мен қабылдауын жетілдіруге, ұсақ қол моторикасын дамытуға, түрлі-түсті заттар мен құралдарды қолдануға, түстерді ажырата білуге, біртекті заттардың ортақ белгісіне қарай топтастыра білуге бағытталған. «Сенсорика Әлеміне саяхат»



атты түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді, түсі, көлемі, ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіруге арналған құралдармен жабдықталған бұрыш бар.

Мектепке дейінгі мекемеде әдістемелік бөлме заман талабына сай жиһаздармен, компьютермен, әдістемелік әдебиеттер және балалар көркем әдебиеттерімен жабдықталған. Әдістемелік бөлмеде тәрбиешілердің іс-тәжірибиесі: видеотека, ашық көрсетілімдері, семинарларда өткізген жұмыстары, слайдтары толық жинақталған.



Мектепке дейінгі мекемеде әдістемелік жұмыс, басқарма жұмысы ретінде педагогикалық ұжымның жұмысын, білім беру бағдарламаларының міндеттерін шешуге бағыттайды. Мектепке дейінгі мекеменің әдіскерлік қызметін Сарсенова Гульмара Сайлаубаевна білімі- жоғары, педагогикалық өтілі-11 жыл, әдіскер қызметінде- 2,6 жыл және Жариева Жаина Абылаиевна I санатты педагог, білімі- жоғары, педагогикалық өтілі-16 жыл, әдіскер қызметінде- 6 жыл атқарады.

Әдістемелік жұмыстардың қорытындысы мектепке дейінгі мекеменің аналитикалық жұмыс жүйесі, әдістемелік құжаттардың толықтығын көрсетті. Оқу-тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Ұжыммен шешілетін жылдық жоспар өзекті болып табылады, графикалық түрде ұсынылады. Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар-практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтар өз жұмыстарында жаңашыл әдістемелерді, әдіс-тәсілдерді, формаларды қолданады. Бөбекжай педагогтарына арналған 3 компьютер интернет жүйесіне қосылған. Веб-сайт, білім беру порталы қолданысқа енгізілген. Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен анықталған нормативтерге сәйкес әдістемелік әдебиеттер саны жинақталған. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің тәрбиешілеріне арналған әдістемелік құралдар, кітаптар бар. Мекемеде кітапхана бұрышы жабдықталған арнайы орын бар, балабақша арнайы әдістемелік басылым журналдарымен толықтырылуда. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сай балаларға керекті құрал-жабдықтар жинақталған, әдістемелік көрнекіліктер жеткілікті. Көрнекіліктер А3 форматында салынған, эстетикалық көркемделуі жағынан талаптарға сай.

Оқу жылдары	әдістемелік әдебиетер саны	Балалар көркем әдебиеттері саны
2020-2021	207	232
2021-2022	218	267
2022-2023	172	176

Мектепке дейінгі мекеменің топтары ойын материалдары мен құрал— жабдықтармен қамтылған. Қосымша әдебиеттер қорының саны жеткілікті. Баспасөз беттерінде (республикалық, облыстық, аудандық деңгейде) педагогтардың жұмыстары жарияланды, бірнеше педагог облыс көлімінде өзінің әдістемелік құралдарын шығарды.

№	Басылымның тақырыбы	Авторы
1	"Ақылды саусақтар" әдістемелік жинақ	Сүлейменова З.Ж. Имангазина С.А.
2	"Использование игровых технологий в образовательном процессе ДО" методическое пособие	Кисекбаева Г.Ж. Абилгазина А.М.
3	"Дидактикалық ойындар жиыны" әдістемелік жинақ	Молдашева Н.Б. Нугманова К.К.
4	"Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі" әдістемелік жинақ	Сарсенова К.Ш. Боранбаева Н.Ж.
5	"Мектеп жасына дейінгі балалардың қарапайым математикалық түсініктерін оқытудағы жалпы дидактикалық принциптер" әдістемелік жинақ	Кудабаева Г.К. Утегенова Л.У.
6	"Мектепке дейінгі ұйымдарда ата - аналармен жұмыс формалары мен заманауи модельдері" әдістемелік жинақ	Таухабаева И.М. Абдыкова А.Т.
7	"Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар" әдістемелік жинақ	Жариева Ж.А.
8	«Мектеп жасына дейінгі балалардың қарапайым математикалық түсініктерін оқытудағы жалпы дидактикалық принциптер»	Шарипова Ж.М. Умбетова А.К.

Ұсыныс:

1. Педагогтар авторлық бағдарламаларын дайындап, іс-тәжірибе таратсын

Қортынды:

1. Мектепке дейінгі мекеме компьютермен, интернет жүйесімен қамтылған.
2. Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен анықталған нормативтерге сәйкес әдістемелік әдебиеттер саны жинақталған.
3. Әдістемелік база жағдайы, оқу-тәрбие үрдісінің жұмысы «қанағаттанарлық» деңгейде.

Мектепке дейінгі мекемеде балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз орта құру.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында балабақшаның дәліздерінде, акт залда кіре беріс есіктер мен балабақша ауласының аумағында толық бейнебақылау камералары қондырылған. Балабақшаның бөлмелері жарық пен жылумен қамтамасыз етілген. Бұл балалардың қауіпсіздігі үшін жасалған игі істер. Тәртіппен тәрбиенің ұштасуы қауіпсіз қоғамды қалыптастырады. Балалар қауіпсіздігін басты назарға ала отырып, білім беру жағдайларын жасау балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім дағдылары мен рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру мақсатында білім беру бағыттарын кіріктіріп, заттық кеңістікті дамытушы ортаны жабдықтауға, инновациялық әдістермен технологияларды қолдана отырып балалардың қажеттілігін қанағаттандыруға аса мән берілген.



Физикалық дағдыларын дамыту бойынша:

Балалардың өз бетінше қимыл-қозғалыс іс-әрекеттеріне ,баланың дене бітімі мен психикасын қолайлы сезінуін қамтамасыз ететін, қимылды ойындар жиынтығы, доптар, атрибуттар, табан бұлшық еттерін жетілдіруге арналған, массажды төсеніштер түрлі пішінді ойын материалдары бар.Мәдени-гигиеналық әдеттері мен дағдыларын кеңейтіп, жетілдіруге арналған сауықтырушынықтыру шаралар жоспары белгіленген.



Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту бойынша:

Түрлі-түсті заттар мен құралдарды қолдану, түстерді ажырата білу, біртекті заттардың ортақ белгісіне қарай топтастыра білу, ұсақ қол моторикасын дамыту. Қоршаған ортаны бағдарлау аясын кеңейту. Сезімдік тәжірибесін қалыптастыру түйсігі мен қабылдауын жетілдіру. Түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді, түсі, көлемі, ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру мақсатында жабдықталған.




Коммуникативтік дағдыларын дамыту бойынша:

Сөйлеу мәдениеті, дыбыстық мәдениет, дыбыстарды дұрыс айта білуге, ажырата білуге жаттықтыру. Сөздерді түрлендіруге сыни көзқарасын және дұрыс сөйлей білуге тәрбиелеу. Сөздік қорларын дамыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету, сөзге қызығушылығымен зейінің тұрақтандыру. Грамматикалық дұрыс сөйлеуді жетілдіру. Диалогты сөйлеуді қалыптастыру және шығармашылық тілдік қабілетке баули отырып, әдеби шағармаларды тыңдап, әңгімелеу және әңгімені қабылдай білуге үйрету мақсатында қатынас саласы жабдықталған



Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс – әрекетін дамыту бойынша:

Тәрбиеленушілердің жас шамасын ескере отырып, бейнелеу құралдарының түрлерімен мен музыкалық аспаптармен, ертегі және әңгімелер тыңдауға арналаған дидактикалық ойындармен жабдықталған.



Әлеуметметтік – эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша:

Бейімделу процесіне ықпал ететін, мінез-құлықтың қарапайым ережелерін сақтай отырып, өз құрдастарымен ынтымақтастылыққа тәрбиелейтін жағдай жасалған. Жыл мезгілдері, үй және жабайы жануарлар жинағы, ұлттық бұрыштар, ойындар, ыдыс-аяқтармен жабдықталған.



Қорытынды мен ұсыныстар:

1. Барлық топтарда МЖМБС білім беру дағдыларын қалыптастыру бойынша жабдықталған

Әдістемелік қызметті, оқу-тәрбие процесін жетілдіру мақсатында, келесі ұсыныстар беріледі:

1. Дене шынықтыру ҰІӨ-не қажетті жаңашыл спорттық құралдармен қамтамасыз ету.
2. Музыка бөлмесі ұлттық музыкалық аспаптармен толықтырылсын

Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база

Балабақшаның материалдық базасы жыл сайын толықтырылып отырылады. Оқу-тәрбие жұмысына қажетті теледидар, видео, музыка орталығы, ұнтаспамен барлық топтар жабдықталған. Балабақшада 3 компьютер, 2 принтер + сканер + ксерокөшірме аппараты, проектор және экран бар. Топтар парта, отырғыш, кереуеттермен толық жабдықталған. Барлық топ ойыншықтармен, жиһаздармен және сюжетті ойын бұрыштары жиһаздарымен жабдықталған. Топтарда ойын бұрыштары мемлекеттік стандарт талаптарына сай безендірілген. Мектепке дейінгі мекемеде музыка залы бар, сондай-ақ меңгеруші, әдіскер, қазақ тілі маманы, психолог кабинеттері талапқа сай жабдықталған. Балабақша қажетті тұрмыстық бұйымдармен: кір жуатын машиналар, тоңазытқыштар, үтіктермен т.б. балабақшаға заттармен жабдықталған. Төсек орын әр балаға 3 данадан, ыдыстар барлық топтарда жеткілікті, үнемі жаңартылып, толықтырылып отырылады. Асхана бөлмесі қажетті құралдармен толық жаңартылып талапқа сай жабдықталған, СанПи талаптарына сай. Ас әзірлейтін бөлме - электроплитамен, пеш, сужылтқыш, мұздатқыш, тоңазтқыш, электретартқыш, дайын және шикі күйіндегі азық-түліктерге арналған үстелдер,

ас үй жабдықтары нөмірленген, санитарлық талаптарға сай. Ас үйде 3 аспаз, 2 ас үй жұмысшысы, қоймашы жұмыс жасайды. Шикі өнімдерді сақтайтын қоймалар бар. Өнімдер сертификаттары талапқа сай жинақталған. Өнімдерді тіркейтін кіріс-шығыс журналдары жүргізіледі.

Балабақша медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталған, арнайы кабинет бар. Медициналық бөлме қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған. Дезинфекциялық құралдарды дайындауға арналған бөлме толық жабдықталған. Медициналық кабинет үш бөлмеден тұрады: 1) Медбикелердің жұмыс орыны, 2) Оқшаулау бөлмесі, 3) Екпе жасау бөлмесі, Бөлмеде мұздатқыш бар. Балаларға медициналық көмек көрсету үшін 1 медбике штаты, 1 диетбике штат бірлігі жұмыс жасайды. Медбикелердің медициналық арнаулы білімдері, медициналық білім қызметіне сертификаттары бар. Он күндік ас мәзірі құрастырылған, мектепке дейінгі ұйымның басшысы бекіткен.

Мектепке дейінгі мекеме әкімшілігі материалдық-техникалық базасының нығауына көңіл бөледі. Балабақшаға күрделі жөндеу жұмысы күтілуде.

Мектепке дейінгі мекеменің материалдық - техникалық базасы қанағаттанарлық. Әр топтың өз ойын алаңы бар, ойын алаңдарын жабдықтау ұжым мүшелерінің қатысуымен «Көркейе бер, туған жер» акциясы аясында ата-аналардың қолдауымен жабдықталуда.

Мемлекеттік мекеменің материалдық-техникалық жағдайын жақсарту жұмыстары мемлекеттік сатып алу Заңына сәйкес жүргізіледі.

Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің тарификациясы және штаттық кестесі 2023 жылдың 01 қаңтар айында құрылып, Мұғалжар ауданының білім бөлімінің басшысы қолымен бекітілген.

Қазіргі таңда, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылар саны – 4, 3-жалғызбасты ана, 1 - аз қамтылған отбасы.

Ата – аналардан немесе заңды өкілдерінен алынатын төлемақы мөлшері бір күнге 600 теңгені, 22 жұмыс күніне 13 200 теңгені құрайды. 2023 жылдың қаңтар айына қалған сумма – 3 178626 теңге, төлемақы – 2 268 390 теңге, тамақтануға бөлінгені – 3 631 592 теңге, банк қызметі – 1100 теңгені құрайды.


Аз қамтылған және көп балалы отбасылардан, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан 1-2 жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін мектепке дейінгі ұйымдардың жанынан қысқа мерзімді топтар құрылған жоқ.

Ұсыныстар:

1. Жаңа заман талабына сай интерактивті тақта алуға бюджеттен қаржы бөлінуі қарастырылсын.

Қорытынды: Балабақшаның материалдық-техникалық базасының жағдайы «қанағаттанарлық» деп есепке алынсын.

Жиынық есеп Балалардың даму деңгейінің қорытынды көрсеткіші



Мектепалды жастағы балалардың ата-аналарына арналған сауалнама қорытындысы (бес жастан бастап)

Мектепалды жастағы балалардың ата-аналарына арналған сауалнаманың мақсаты: балабақша деңгейін анықтау.

23 ақпан 2023 жылы «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-ның мектепалды даярлық тобының балаларының ата-аналар арасында телеграм желісі арқылы сауалнама жүргізілді.

Балабақша бойынша тізімдегі балалар саны-41 бала.

Сауалнамаға қатысқан ата-аналар саны – 40 ата-ана.

Балабақшаның жұмысының жоғары деңгейдің көрсеткіші – 93%

Қорытындылай келе, тәрбиеленушілер және олардың ата – аналары мен педагогтер арасындағы қарым – қатынас деңгейі жақсы қалыптасқан. Ата – аналарды балабақша жұмысы қанағаттандырады.

«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы» МКҚК бойынша педагог қызметкерлеріне арналған сауалнама қорытындысы

22 ақпан 2023 жылы «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-ның педагогтері арасында телеграм желісі арқылы сауалнама жүргізілді

Балабақша бойынша тізімдегі педагогтер саны – 36

Сауалнамаға қатысқан педагогтер саны – 35

Қатыспағаны – 1 (меңгеруші)

Сауалнамаға берілген жауаптары бойынша «келісемін» - 89%, «келіспеймін» - 11% - ды құрады. Балабақша ұжымының іскерлік қарым – қатынасы мен қызметі

қанағаттанарлық деп танылып, білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне шағымдары мен ұсыныстары жоқ.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорының өзін-өзі аттестаттау қорытындысының анықтамасында көрсетілген жұмыстар kunshuaksad.edu.kz сайтында 2022 – 2023 оқу жылы бойынша толық көрсетілген. (2020 – 2021, 2021 – 2022 оқу жылдарының жұмыстары салынған сайт, келісім шарт жасалған уақыты аяқталуына байланысты жойылып кеткен).

Өзін-өзі аттестаттау қорытындысы

Қорытынды:

Мектепке дейінгі мекеменің басқару қызметі «қанағаттанарлық» деңгейде деп есептелсін.

Комиссия «Күншуақ» бөбекжай-бақшасында өткен өзін-өзі аттестаттауды негізге ала отырып, төмендегідей шешім қабылдайды:

1. Өзін – өзі аттестаттау қорытындысының есебі кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысында қамқоршылық кеңес мүшелерінің назарына ұсынылсын.
- 2.«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны «мектепке дейінгі мекеме» мәртебесіне сай деп есептелсін.

Комиссия төрайымы: Курманова Ж.А.менгеруші

Комиссия мүшелері: Жариева Ж.А. әдіскер
Сарсенова Г.С. әдіскер
Карашаева Г.И. тәрбиеші

Бастауыш кәсіподақ
төрайымы: Сүлейменова З.Ж. тәрбиеші
Сулейманова З.А. медбике

Комиссия хатшысы: Егизбаева Ш.Е. тәрбиеші

қанағаттанарлық деп танылып, білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне шағымдары мен ұсыныстары жоқ.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорының өзін-өзі аттестаттау қорытындысының анықтамасында көрсетілген жұмыстар kunshuaksad.edu.kz сайтында 2022 – 2023 оқу жылы бойынша толық көрсетілген. (2020 – 2021, 2021 – 2022 оқу жылдарының жұмыстары салынған сайт, келісім шарт жасалған уақыты аяқталуына байланысты жойылып кеткен).

Өзін-өзі аттестаттау қорытындысы

Қорытынды:

Мектепке дейінгі мекеменің басқару қызметі «қанағаттанарлық» деңгейде деп есептелсін.

Комиссия «Күншуақ» бөбекжай-бақшасында өткен өзін-өзі аттестаттауды негізге ала отырып, төмендегідей шешім қабылдайды:

1. Өзін – өзі аттестаттау қорытындысының есебі кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысында қамқоршылық кеңес мүшелерінің назарына ұсынылсын.
- 2.«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны «мектепке дейінгі мекеме» мәртебесіне сай деп есептелсін.

Комиссия төрайымы:



Курманова Ж.А. меңгеруші

Комиссия мүшелері:

Жариева Ж.А. әдіскер

Сарсенова Г.С. әдіскер

Карацаева Г.И. тәрбиеші

Бастауыш кәсіподақ
төрайымы:

Сүлейменова З.Ж. тәрбиеші

Сулейманова З.А. медбике

Комиссия хатшысы:

Егизбаева Ш.Е. тәрбиеші